

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ  
САФИ УТЕБАЕВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# КӘСІПКЕРЛІК ЭТИКА

---

ОРЫНДАҒАН: БЖД-19 Қ/Т ТОБЫНЫҢ СТУДЕНТІ

ӘДІЛБЕКОВА П.Ә

ТЕКСЕРГЕН: САЙЫМОВА М.Д

---

Кәсіпкерлік мәдениеттегі іскерлік этика қарым-қатынастың қазіргі этикасында ерекше орын алады.

Кәсіпкердің нәтижелі қызметті жүргізу және басқару қабілеті оның өзін-өзі басқару, игеру қабілетімен, сол секілді, нақты жеке және өндірістік мақсаттар, қоршаған ортаға әсер ете білу қабілеті, олардың тәртібіне әсер ете білуі, персоналды дамыту мен оқытуға талпынысы, топ жұмысын қалыптастыру және ұйымдастыра білу қабілеті, әріптестікке талпыну қабілеті секілді қасиеттерімен көрінеді. Осы қасиеттердің барлығы кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға талпынатын, билікке ие адамның этикалық белгісінің бар екенін көрсетеді.

Фирма мәдениеті келесідей ішкі факторларға байланысты болады:

- іске асырылатын қызметті ұйымдастыру;
- кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру;
- фирма меншік иесі мен қызметкерлерінің ынталандырылуымен;
- басқарушылық мәдениет деңгейімен;
- нарықта алдыңғы қатарлы позиция алатындай иемденуге мүмкіндік беретін басқарудың ерекше стилімен т.б.

Фирма мәдениетіне әсер ететін ішкі факторлар, атап айтқанда, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру; фирманың басшысы мен қызметкерлерінің ынталандырылуымен; басқарушылық мәдениет деңгейімен; басқарудың ерекше стилімен байланысты болса, фирманың немесе ұйымның басшы арқылы ұйымның моральдық климатының қалыптасуы, фирманың мәдениеті және тәртіптің негізгі құндылықтары мен нормалары беріледі. Әрбір басшы фирманың алдына мақсаттар қойып, ондағы міндеттерді айқындай отырып, басқарудың әдісін таңдайды, осы әдістің көмегімен персоналдың тәртібін бақылайды, үйлестіреді және бағыттайды. Бұл жерде басшының қаншалықты моральдық және этикалық принциптерге ие екені байқалады. Қазіргі күнде қызметкерлерге деген этикалық қарым-қатынас – ол тек қана басшының моральдық міндеті емес, сонымен бірге, түсіністікпен қалыптасқан персоналды қалыптастырудың шарты ретінде қарастырылуда. Сол секілді басшы фирманың интенсивті дамуына әсер етуге негіз болатын серіктестікке және топтық жұмысқа, шешімді жеке өзі қабылдауға да қабілетті болу керек.

Басшы мен қызметкер арасындағы өзара қарым-қатынас компаниядағы психологиялық климатты айқындайды, ол әрине, барлық фирманың қызметінен көрінеді.

Ю.Ю.Петрушиннің «Бизнес этикасы» оқулығында автор фирма басшының басты деген этикалық міндеттерін айқындайды, олар:

басшы фирмадағы тәртіптік эталонның негізі болу керек және оның құндылықтарын сақтау қажет.

басшы өзінің фирмасын дамыту кезіндегі алғышарттарға жауапты болады.

жұмыс нәтижелі болу үшін басшы өзінің маңызды жоспарлары мен ойлары туралы қызметкерлерге ақпарат беріп отыруы тиіс.

басшы топтың қалыптасуына жауапты болады және серіктестікті сыйақымен марапаттауы керек.



басшы жеке шығармашылықты дамыту үшін жағдайлар жасауы тиіс.

Басшының осындай этикалық нормалары түсінігіне орай басшының тәртібін келесідей этикалық ережелермен тұжырымдауға болады:

біріккен ұжым құруға талпыну, онда фирманың, қызметкердің мүдделері есепке алынады, қызметкерлер компанияның мақсаттарына араласады және өздері де солай қарай бейімдейді;

басшы фирмадағы тәртіп эталоны болуы керек және барлық ережеге бағынуы тиіс;

құрылым құруға, фирма мәдениетіне белсенді қатысу және оның басты тапсырмаларын анықтау;

басшы жұмысқа бақылау жасайды, сонымен бірге, бөлімдердің жеке дамуына мүмкіндік жасайды және олардың жұмысына тек қана үйлестіру немесе дауларды шешкен кезде ғана араласады.

субординация сақтау және қызметкерлерден де осыны талап ету;

мәселе пайда болған кезде басшы барлық себептерді объективті зерттеп, қарастыру керек және кінәлі болғандарда хабарлау керек.

Бизнестегі мәдениетті шетел тәжірибесінен көбірек үйренуге болады. Жапон қоғамында ұжымдық сезім қатты дамыған, олар топтың мүддесін ойлайды, жеке өзін – топтың бір мүшесі ретінде қабылдайды. Жапондардың басқару мәдениетінің негізгі қағидасын Э.Мэйоның зерттеуіне сәйкес былайша түсіндіруге болады: жұмыс немесе қызмет – ол топтық іс -әрекет. Жапондарда құнды болып саналатын қасиеттер: бір-біріне сену, үйлесім (гармония), келісім, ынтымақтастық, мақсатқа жету жолында бір-біріне көмек көрсету. Жеке жауапкершілік, жеке жұмысты орындау саналы түрде пайдаланбайды. Негізгі мақсат – топтың жұмысын жақсарту, топтағы ынтымақтастықты күшейту.

---

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!**